ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

# Ақтөбе

№3 (21.556)
10 қаңтар
жұма
2025 жыл

1924 жылдың 7 маусымынан бастап шығып келеді
www.aqtobegazeti.kz
aktobegazeti@mail.ru

Жұмысшы мамандықтар жылы

**Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Осыған байланысты бірқатар іс-шара кәсіптік білім беру жүйесін нығайтуға және өңір экономикасының түрлі секторлары үшін жоғары білікті мамандар даярлауға бағытталған.**
**Облыс әкімі Асхат Шахаровтың төрағалығымен өткен жиында облыста кәсіптік-техникалық білім беруді дамыту және жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру мәселелері қаралды.**



# КӘСІПТІК БІЛІМ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ БЕДЕЛІ

— *Колледждер өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын және басқа да маңызды секторларды дамытуға негіз болатын жұмысшы кадрларды даярлауда шешуші рөл атқарады. Президенттің тапсырмасына сәйкес 2025 жылы жұмысшы мамандықтарды дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын жетілдіруге назар аударамыз. Біз еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сай келетін мамандарды жоғары сапалы даярлауды қамтамасыз етуіміз керек. Сондай-ақ түлектеріміз өңір кәсіпорындарында табысты жұмыс істей алуы үшін оқу орындарын жаңғыртуға, заманауи технологиялар мен практикалық дағдыларды енгізуге көңіл бөлу маңызды,* — деп атап өтті облыс әкімі.

Білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Нұргүл Бертілеуова атап өткендей, өңірде 94 мамандық және 139 біліктілік бойынша студенттерді оқытатын 40 колледж жұмыс істейді. 2024-2025 оқу жылына мемлекеттік тапсырыспен 7654 орын бөлінді, оның ішінде техникалық мамандықтарға арналған орындар саны едәуір артқан.

Облыс колледждерінің 70 пайыздан астамын қамтитын дуальды білім беруді енгізуге ерекше назар аударылады. Бұл студенттерге кәсіпорындарда практикалық оқудан өтуге мүмкіндік береді, олардың жұмысқа орналасу мүмкіндігін айтарлықтай арттырады. Дуальды жүйе бойынша оқитын студенттердің жұмыспен қамту деңгейі — 91%. Осы бастама аясында колледждер, кәсіпорындар мен студенттер арасында 948 үшжақты келісімге қол қойылды.

Бұдан өзге мұнай-газ, тау-кен, көлік және логистика, жаңартылатын энергия көздері және су шаруашылығы сияқты бес негізгі сала бойынша Ақтөбе облысында жаңа мамандықтар атласы дайындалды. Сондай-ақ осы салалардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру бағдарламаларын бейімдеу бойынша іс-шараларды қамтитын колледждерді профильдеудің жол картасы жасалды. Картаны іске асыру аясында колледждердің салалық мамандануын ескере отырып, мемлекеттік тапсырысты түзетуге қатысты бірқатар іс-шара жүргізілді, бұл өңір экономикасының сұранысқа ие салалары үшін мамандар даярлауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Ресей мен Қытайдың білім беру мекемелерімен халықаралық байланыстар белсенді дамып келеді, бұл студенттер мен оқытушыларға тағылымдамадан өтуге және тәжірибе алмасуға жол ашады.

2025 жылы колледждерді одан әрі біріктіру, материалдық-техникалық базаны жаңғырту, сондай-ақ студенттердің біліктілігін және олардың еңбек нарығындағы сұранысын арттыру үшін жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу жоспарланып отыр.

Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ләззат Оразбаева колледж түлектерін жұмысқа орналастыру туралы мағлұмат берді. Ол аймаққа 7503 маман қажет екеніне назар аударып, оның 4812-сі жұмысшы мамандықтары екенін жеткізді. 2025 жылға арналған болжамды сұраныс 2488 бірлікті құраса, оның ішінде 1609 жұмысшыға деген қажеттілік бар.

Сұранысқа ие кадрларды даярлау үшін оқу ұзақтығы 6 айға дейінгі әртүрлі мамандықтарды қамтитын қысқа мерзімді кәсіптік даярлау бағдарламалары көзделген. 2024 жылы 860 адам оқытылды, оның 732-сі жұмысқа орналастырылды. «Электронды еңбек биржасы» порталында кәсіптік оқыту бойынша 603 курс жарияланып, оның ішінде 271 курс тегін оқытылған. 2025 жылы 560 жұмыссыз бен 2220 адамды онлайн курстарда оқыту жоспарланып отыр.

Асхат Шахаров Президент тапсырмаларын іске асыру шеңберінде жұмысшы кәсіптерінің мәртебесін жоғарылату үшін оқыту, жұмысшылардың біліктілігін арттыру, сондай-ақ кәсіптік білімді қолжетімді етуді қамтитын кешенді бағдарлама құрылатынын тағы да атап өтті. Жастарға олардың маңызы мен тартымдылығын көрсету үшін жұмысшы кәсіптерін насихаттауға бағытталған конкурстар, іс-шаралар мен көрмелер ұйымдастыру жоспарда бар.

— *Қоғамда еңбекқор маман идеясын белсенді насихаттау, жұмыс дағдыларын дамыту, түрлі салаларда білікті мамандар даярлау үшін жағдай жасау қажет. Біз білім беру мекемелерімен, кәсіпорындармен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен бірге жұмысшы мамандықтарына көбірек жастарды тарту және бұл тек беделді ғана емес, сонымен қатар мансаптық өсу тұрғысынан перспективалы екенін көрсету үшін жұмыс істейміз. Жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыру өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен әсер ететініне сенімдімін,* — деді облыс әкімі.

**А.МӘЛІКҚЫЗЫ.**

Кездесу

# ӘУЕЖАЙДЫ АРАЛАП, ҚҰТҚАРУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

**ӨҢІРІМІЗГЕ КЕЛГЕН МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ, AMANAT ФРАКЦИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ БАҚТЫҚОЖА ІЗМҰХАМБЕТОВ ПЕН ҚАЗЫБЕК ӘЛІШЕВ ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙДЫҢ ҰШУ-ҚОНУ АЛАҢЫН ҚАРАП, АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРМЕН ТАНЫСТЫ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ТІЛДЕСТІ.**



Бүгінде әуежайдан жолаушылар ұшағы 11 бағытта ұшады. Оның алтауы ішкі рейс болса, бесеуі — халықаралық рейс. Былтыр Шарм-Эль-Шейх және Астана, Алматы қалаларына рейстер саны артса, биыл Антальяға ұшу жиіледі. Ақтөбе әуежайы базасында «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС-мен бірлесіп, отын инфрақұрылымын дамыту және түрік компаниясымен көпфункционалды логистикалық хаб салу көзделген.

Әуежай қызметкерлерімен кездесуде Мәжіліс депутаты Бақтықожа Ізмұхамбетов бүгінде жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету маңызды екенін атап өтті.

— *Аймақтағы өндірістік, әлеуметтік орындарда болып, тұрғындардың ұсыныс-өтініштерін тыңдауға, Парламентте қабылданып жатқан заңдар жөнінде хабардар етуге келдік. Бүгінде көптеген шетелдермен тікелей байланыс жасап, халыққа қызмет жасап жүрген үлкен әуежайлардың бірі — Ақтөбе әуежайы. Ұшу-қону алаңын қарап шықтық, жалпы жасалып жатқан жұмыстармен таныстық,* — деді ол.

Кездесуде әуежай қызметкерлері қоғамдық көлік мәселесін көтерді: әуежайға қатынайтын автобустардың аз екенін айтты. Мәжіліс депутаттары бұл мәселені тиісті органдарға жеткізетінін атап өтті.

Бұдан кейін депутаттар облыстық төтенше жағдайлар департаментінде өрт сөндіру, жедел-құтқару отряды мамандарымен кездесті. Кездесуде еліміздегі су инфрақұрылымын жаңғырту, бөгеттер мен су қоймаларын салу, төтенше жағдайға дайындық жұмыстары сөз болды.

Мәжіліс депутаты Бақтықожа Ізмұхамбетов еліміздегі су тасқынының алдын алуға байланысты жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталып өтті.

— *Кеңестік дәуірде жасалған кейбір инфрақұрылымдар бүгінде әбден ескірген. Осыған байланысты Президенттің тапсырмасымен елімізде жаңа су қоймалары салынып, 17 су қоймасы қайта жаңартылатын болады. Төтенше жағдайларға байланысты қиыншылықтар болса, бізге айтыңыздар,* — деді ол.



Басқосуда аталған департамент бастығының орынбасары Айбат Жаңабергенов биыл облыстың бірқатар ауданында өрт сөндіру бекеттері ашылғанын, өңірге жалпы құны 3 млрд 800 млн теңгеге 68 техника сатып алынғанын, қазіргі таңда мекеме мамандары көктемгі су тасқынының алдын алуға дайындалып жатқанын жеткізді.

Ал департаменттің ардагерлер кеңесінің төрағасы Бегендік Айтқұлов былтырғы су тасқыны кезінде құтқарушылар көп еңбек сіңіргенін, ұйымшылдықтың арқасында табиғи апат салдарын жою жұмыстары қарқынды жүргізілгенін жеткізіп, кездесуге келген депутаттарға өз ризашылығын айтты.

Депутаттар су тасқыны кезіндегі сала мамандарының ерен еңбегін жоғары бағалап, оларға алғыстарын жеткізді.

— *Өткен жылдың қиындығын бәріміз көрдік. Өзіміз де су тасқыны болған 6 ауданға бардық. Сол жерде жанқиярлық еңбек көрсеттіңіздер. Жұмыстарыңыз өте маңызды әрі қиын. Сол үшін сіздерге алғысымызды білдіреміз. Су тасқынына байланысты қиындықтар артта қалып, келген жылымыз табысты, берекелі болсын деп тілеймін,* — деді Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова.

**Д.АЙДАР.**

Жастар тәрбиесі

**Сәрсенбі күні Жастар сарайының «Мәңгілік ел» залында облыстық ардагерлер кеңесінің «Жастар тәрбиесі – болашақ ұрпақ нәтижесі» атты кеңейтілген отырысы өтті.**



# АРДАГЕРЛЕР ҮЛГІСІ

Іс-шараға облыстық мәслихат төрағасы Гүлқасима Сүйінтаева, облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Елеуов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бақтықожа Ізмұхамбетов, Мәжіліс депутаттары — Қазыбек Әлішев, Жұлдыз Сүлейменова, төралқа мүшелері, қалалық және аудандық ардагерлер кеңесінің төрағалары, салалық ардагерлер ұйымының төрағалары, сондай-ақ облыстық әжелер алқасының мүшелері мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.

Басқосуда алдымен сөз алған облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Елеуов жастарға тәлім мен тәрбие беруде ардагерлер ұйымдарының маңызы зор екенін, биыл бұл бағытта облыста жүйелі жұмыстар жүргізілгенін атап өтті.

— *Бүгінде облыстағы барлық деңгейдегі ардагерлер кеңесі жастарға отансүйгіштік, адамгершілік және ізгілікті тәрбие беру жұмыстарын белсенді түрде ұйымдастырып келеді. Ардагерлеріміз жастармен кездесіп, қоғамның тұтастығын, ұлттық құндылықтарды түсіндіріп, түрлі іс-шаралар өткізеді. Қазіргі таңда елімізде жастар арасында нашақорлық, лудомания, діни фанатизм, тұрмыстық зорлық-зомбылық сияқты жағымсыз әдеттер таралуда. Осы орайда облыстық ардагерлер кеңесі әжелер алқасы, аналар және әкелер кеңесімен қоян-қолтық жұмыс істеп, жастарды адамгершілікке тәрбиелеуде тиімді іс-шаралар ұйымдастыруы қажет. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыру керек,* — деді ол.

Бұдан кейін отырыста облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Шаңғұтов баяндама жасап, биыл өңірде атқарылған жұмыстар мен жастарды елжандылыққа, ізгілікке үндеу бағытында қолға алынған жобалар, сондай-ақ оларды баспанамен қамту, тұрақты жұмысқа орналастыру мәселелеріне тоқталды.

— *Облыстық ардагерлер кеңесі мен аудандардағы барлық ардагерлер ұйымдары жастармен жұмыс жүргізуге ерекше көңіл бөліп келеді. Бұл орайда ардагерлер ұйымдары айтарлықтай іс-шаралар ұйымдастырды. Мәселен, өткен жылы су тасқыны салдарын жою шаралары кезінде Ақтөбе қаласы Алматы ауданы ардагерлер кеңесі жастармен жүйелі жұмыс жүргізді. Су тасқыны кезінде тұрғындарға ардагерлер мен жастар бірлесе отырып, жұмыла көмек көрсетті. Сондай-ақ Хромтау, Қобда, Әйтеке би аудандық ардагерлер ұйымдары жастармен бірлесіп, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына қатысты. Ал Мұғалжар, Ойыл, Мәртөк, Байғанин, Шалқар, Ырғыз, Темір аудандарында аға буын өкілдері жастармен өзара ынтымақтастықта бірлесіп іс-шаралар ұйымдастыруда. Мысалы, Байғанин ауданының ардагерлер кеңесінің мүшелері жастар ресурстық орталығымен бірлесіп, үш мәрте «Даңқ» орденінің иегері Қожабай Жазықовты еске алуға арналған спорттық турнир өткізді. Бұдан бөлек өңірімізде «Дәнекер» жобасы да жүзеге асырылуда. Бұл бағытта Мұғалжар ауданында билер алқасы жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Ал Ақтөбе қаласындағы «Анаға тағзым» орталығының және қалалық №3 соттың медиаторы, тәжірибелі педагог Бибігүл Әбілдаеваның қосқан зор үлесінің арқасында жас отбасыларды ажырасудан сақтандыру жұмыстары тиімді жүргізілуде,* — деген Серік Шаңғұтов ардагерлер ұйымдары биыл да жастармен түрлі іс-шаралар өткізуді жоспарлап отырғанын жеткізді.

Жиында «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бақтықожа Ізмұхамбетов жас ұрпақты ана тіліміз бен салт-дәстүрлерімізді құрметтеуге, ұлттық құндылықтарымызды сақтауға үндеуде алдымен аға буын өкілдері үлгі көрсетуге тиіс екенін жеткізді.

— *Біздің ұлттық идеология тілден басталады. Сондықтан жастар ана тілімізге құрметпен қарауы керек. Біз, аға буын өкілдері, мемлекеттік тілге деген құрметті алдымен өзіміз көрсетуіміз керек. Сондай-ақ жастарға үлгі-өнеге көрсетіп қана қоймай, оларға тағылымды әңгіме айтуымыз керек. Мәселен, бүгінде Парламентте Мәжіліс отырыстары қазақ тілінде өтеді. Өзге ұлт өкілдері баяндамаларын қазақ тілінде жасайды. Бұл орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы кешегі өзінің сұхбатында жастарға тәрбие беру, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту мәселесіне ерекше тоқталды.*

*Сондай-ақ былтыр елімізде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы ұйымдастырылды. Бұл іс-шара да жастарымызды тазалыққа, жауапкершілікке үндеуге бағытталған. Тазалыққа баулу да — тәрбие. Сондықтан алдағы уақытта ақтөбелік жастар осындай іс-шараларға белсене атсалысып, еліміздің дамуына өз үлесін қосуы керек. Сіздер осы бағытта жастармен бірлесе жұмыс істеулеріңіз керек,* — деді бірлестік төрағасы.

Отырыста Мәжіліс депутаттары мен аудандардан келген ардагерлер ұйымдарының өкілдері жастар тәрбиесіне қатысты өз ойларын ортаға салды.

**Данагүл ҚАЗИХАН.**

## Құттықтаймыз!

**Ақтөбе қаласы**
**Жұманазар АСАНОВҚА**

Сізді 75 жасыңызбен құттықтаймыз! Сіз бұл белеске ұстаз, ғалым, жазушы, өлкетанушы деген атақтармен абыройлы жеттіңіз. Ер Едіге, Тілеу Айтұлы, Мөңке Тілеуұлы, Сарышолақ Боранбайұлы, Жөкей Шаңғытбайұлы және басқа тарихи тұлғаларды зерттеп, ғылыми айналымға енгізуде табандылық көрсеттіңіз. Жүрдек қаламыңыздан туындаған көркем шығармалар 50 томдық «Ақтөбе кітапханасы» сериясынан лайықты орын алды. Зайыбыңыз Қаламқаспен жарасты ғұмыр кешіп, екі қыз бен бір ұлға шаңырақ көтердіңіз, немерелер сүйдіңіз.

Мерейжас сәтінде айтар тілегіміз — денсаулығыңыз мұқалмасын, шабытыңыз шаршамасын, отбасыңыз аман болсын!

**Кенжебай Сүйеумағанбетұлы, Аманғали Мұқанбетуллин,
Бақытжан Қосанов, Жанғабыл Қабақбаев,
Жоламан Алдияров, Тама Омаров.**

## «Қазхром» ТҰК» АҚ

**Ақтөбе ферроқорытпа зауыты ҚР Экологиялық кодексінің 73-бабының талаптарына сәйкес 2025 жылғы 26 ақпанда сағат 10.00-де мына мекенжайда: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы 312-атқыштар дивизиясы даңғылы, 60 А конференц-залы: 2025-2034 жылдарға арналған «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы - АФЗ көздерінен атмосфералық ауаға ластаушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы. «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы – АФЗ қалдықтарын басқару бағдарламасы, АФЗ үшін өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы – 2025-2034 жылдарға арналған «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы, 2025-2034 жылдарға арналған табиғат қорғау іс-шараларының жоспары.**

**Бастамашының деректемелері мен байланыс деректері:** «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы — Ақтөбе ферроқорытпа зауыты, 190240017187 БСН, Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, 312-атқыштар дивизиясы даңғылы, 60А ғимараты, байланыс тел.: 8-777-506-57-80 Е.Э.Абдулабеков.

**Жобалар мен бағдарламаларды құрастырушылардың деректемелері мен байланыс деректері:** «Audit Ecology» ЖШС, БСН180840031539, Ақтөбе қ., Маресьев к-сі, 77, 3-пәтер, байланыс тел.: 8 (7132) 55-06-08. Басшысы: Г.И.Алманиязов

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда https://ecoportal.kz/, сондай-ақ әкімдігінің сайтында https: https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады https://ecoportal.kz/.

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ZOOM платформасында ашық жиналыс және бейнеконференцбайланыс) өткізіледі. Интернеттегі байланыс сілтемесі: https://erg.zoom.us/j/83505777749?pwd=yYlJhirkxIsBpTzWcPYDy6MdpCk7MW.1 конференция идентификаторы: 83505777749 кіру коды: 673463

E-mail: audit-ecology@mail.ru, info@gpci.kz, a.tokambetova@gpci.kz

## «ҚОБДА АУДАНДЫҚ АУРУХАНАСЫ» ЖШҚ МКК

**қалдықтарды басқару жөніндегі қазақстандық оператор ЖШҚ МКК РЕШ, ҚББ, ПЭК, ПМ, ҚОҚБ жобалары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.**

**Күні, уақыты, орны:** 19.02.2025 ж. сағат 15.00-де

Өтетін орны: Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қобда ауылы, Иманов көшесі, 1.

**Учаскенің координаттары:** 50.147311 с.е., 55.660246 ш.б.

**Интернетке қосылу сілтемесі:**

https://us06web.zoom.us/j/7082614001?pwd=ebpe0HOMPtgJUnZtG9Jb8oEKUMd4rV.1&omn=87263413777 Конференция идентификаторы: 708 261 4001 Кіру коды: 123456

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

**Жоба материалдарына тапсырыс беруші:** «Қобда аудандық ауруханасы» ЖШҚ МКК, Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қобда ауылы, Иманов көшесі, 1, тел.: 8-705-330-0678, kobdabolnica@mail.ru.

**Құжаттаманы әзірлеушінің атауы:** Ж.С.Кунтаева ЖК, Ақтөбе қаласы, Әлия Молдағұлова даңғылы, 56Д / к2, 40, ecologi122@mail.ru (көрсетілген байланыстар бойынша қоғамдық тыңдау күніне дейін 3 күннен кешіктірмей қызығушылық танытатын сұрақтар қоюға болады).

Жоба бойынша құжаттама https://ecoportal.kz ЖАО сайтында орналастырылған https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректері: Ақтөбе облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, тел.: 55-09-30.

Конференцияға қосылу және қосымша ақпарат алу мәселелері бойынша 87773191746 телефоны бойынша хабарласуға болады

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау үшін жергілікті атқарушы органның электронды пошта мекенжайы:** s.duisekenov@aktobe.gov.kz

## «АЗИЯМУНАЙГРУППСЕРВИС» ЖШС

**қалдықтарды басқару жөніндегі қазақстандық оператор ЖШС РЕШ, ҚББ, ПЭК, ПМ, ҚОҚБ жобалары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.**

**Күні, уақыты, орны:** 18.02.2025 ж. сағат 15.00-де

**Өтетін орны:** Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылы, Орталық көшесі 100 а.

**Учаскенің координаттары:** 47°52'23.1»с.е. 56°53'38.5»ш.б.; 47°52 '22.7»с.е. 56°53'42.4» ш.б.; 47°52'21.5»с.е.. 56°53'41.5» ш.б.; 47°52'21.9» с.е. 56°53 '38.4» ш.б.

**Интернетке қосылу сілтемесі:**

https://us06web.zoom.us/j/7082614001?pwd=ebpe0HOMPtgJUnZtG9Jb8oEKUMd4rV.1&omn=87263413777 Конференция идентификаторы: 708 261 4001 Кіру коды: 123456

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

**Жоба материалдарына тапсырыс беруші:** «АзияМунайГруппСервис» ЖШС, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Ағайынды Жұбановтар көшесі, 317, Тел.: +8-702-794-9991, aziamunaygrupp@mail.ru.

Құжаттаманы әзірлеушінің атауы: Ж.С.Кунтаева ЖК, Ақтөбе қаласы, Әлия Молдағұлова даңғылы, 56Д / к2, 40, ecologi122@mail.ru (көрсетілген байланыстар бойынша қоғамдық тыңдау күніне дейін 3 күннен кешіктірмей қызығушылық танытатын сұрақтар қоюға болады).

Жоба бойынша құжаттама https://ecoportal.kz ЖАО сайтында орналастырылған https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректері: Ақтөбе облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, тел.: 55-09-30.

Конференцияға қосылу және қосымша ақпарат алу мәселелері бойынша 87773191746 телефоны бойынша хабарласуға болады

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау үшін жергілікті атқарушы органның электронды пошта мекенжайы:** s.duisekenov@aktobe.gov.kz

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық сотында Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Балауса тұрғын үй алабы, Нәрен Имашев көшесі, 39-үйде тұратын Тохбанов Әлібек Мэлисұлының (ұялы тел.: 8 708 817 00 31) арызы бойынша Тохбанов Мэлс Сафиұлы, 1947 жылы туған, Ақтөбе облысы Октябрь ауданы, Октябрь қаласы, П.Морозов көшесі, 12-үй, қазіргі атауы: Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы, А.Қалиев көшесі, 12-үй мекенжайында тұрған, 1981 жылдың күзінде үйінен шығып кетіп, оралмаған, қайтыс болды деп тану туралы азаматтық іс қаралуда.

Тохбанов Мэлс Сафиұлының болған жері туралы қандай да бір мәліметтерді білетін адамдардың бұл туралы Мұғалжар аудандық сотына осы жарияланымнан соң үш ай мерзім ішінде хабарлауын сұраймыз: Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 18-үй.

*2025 жылдың 5 қаңтарында Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты «Нұрай Инвест Групп» ЖШС-ның оңалту рәсімін қолдану туралы арызы бойынша азаматтық іс қозғады.*

## «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

**Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «АЕК OI» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.**

**Көзделіп отырған қызмет:** «5.02.2024 ж. №5310-УВС келісімшартына сәйкес Көкпекті учаскесінде көмірсутектерді іздеу бойынша барлау жұмыстарын жүргізу көзделеді».

Өтінішпен сайттарда https://ecoportal.kz/ «жария талқылаулар» айдарында https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecodep@ecogeo.gov.kz.

**Байланыс ақпараты:** Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 1 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 8.01.2025 ж. – 7.02.2025 ж.

## «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

**Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «Zhana Product» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.**

**Көзделіп отырған қызмет:** «Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы мекенжайында орналасқан «Zhana Product» ЖШС сыра өндіру цехы 4Е ғимараты Экологиялық кодекстің 1-қосымшасына сәйкес жіктеледі 10.13-тармақша. 10-тармақ. 2-бөлім-тәулігіне 1500 л-ден астам қайнату және уыттау».

Өтінішпен сайттарда https://ecoportal.kz/ «жария талқылаулар» айдарында https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecodep@ecogeo.gov.kz.

**Байланыс ақпараты:** Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 1 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 8.01.2025 ж. – 7.02.2025 ж.




Ақтөбе облысы ішкі саясат басқармасының ұжымы этносаралық қатынастар, саяси партиялармен және үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс жөніндегі бөлім басшысы Тұржанова Нұржамал Құралқызына әкесі

**Құрал ТҰРЖАНҰЛЫНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ақтөбе қаласының білім бөлімі және «Ақтөбе облысы және Ақтөбе қаласы білім беру қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі Ақтөбе қаласы Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін орта мектебінің директоры Задагүл Боранбайқызы Қалдыбаеваға әкесі

**Боранбай ҚАЛДЫБАЙҰЛЫНЫҢ**

өмірден озуына байланысты қайғырып, көңіл айтады.

Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

**Меншік иесі: «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС**

**Газет 1974 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған**

**Директор** Раукен ОТЫНШИН

**Директордың орынбасары** Айгүл НҰРКЕЕВА

**Бас редактор** Сәтжан ДӘРІБАЙ

**Бас редактордың орынбасары** Мейрамгүл САТАЕВА

**Жауапты хатшы** Динара САНГУЛОВА

**АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:**
**Бөлім меңгерушісі** Данагүл ҚАЗИХАН, 90-71-64
**Тілшілер** Кәмшат ҚОПАЕВА, Ақмарал МҰҚАШЕВА, Айдана АЛТЫБАЕВА

**ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:**
**Бөлім меңгерушісі** Айбек ТАСҚАЛИЕВ, 90-71-64
**Тілшілер** Нұрмұханбет ДИЯРОВ, Арайлым НҰРБАЕВА

**МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:**
**Бөлім меңгерушісі** Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37
**Тілшілер** Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

**Сайт редакторы** Аслан СЫДЫҚОВ

**Беттеуші** Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА

**Теруші** Гүлмара АЙНАЗАРОВА

**Корректор** Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА

**Жазылу және тарату бөлімі** 90-71-67

**Жарнама бөлімі** 90-71-55



Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау бөлмесі: 90-71-61.

**Сайт:** www.aqtobegazeti.kz
**E-mail:** aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 14638 Тапсырыс №34

**Нөмірдің кезекші редакторы** Кәмшат Қопаева

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №KZ70VPY00061916 куәлігі берілген.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

**Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды**

Актюбинский
# ВЕСТНИК
Областная общественно-политическая газета
№ 3 (21.289)
Пятница, 10 января 2025 года
Издается с 19 июня 1918 года
Выходит два раза в неделю

АКТУАЛЬНО

## Престиж, почет и перспективы

**План мероприятий по укреплению системы профессионального образования и подготовке высококвалифицированных специалистов разработан в нашем регионе.**


Фото Айзата АТШЫБАЕВА

Как известно, 2025-й объявлен Главой государства Годом рабочих профессий. На совещании под председательством акима области Асхата Шахарова рассмотрены вопросы дальнейшего развития сферы профтехобразования, повышения престижа Человека труда.

- Колледжи играют ключевую роль в подготовке рабочих кадров, которые составляют основу в промышленном производстве, сельском хозяйстве и других важных секторах. В связи с поручением Президента мы сосредоточимся на совершенствовании образовательных программ колледжей. Необходимо обеспечить высококачественную подготовку специалистов, соответствующих современным требованиям рынка труда. Также важно уделить внимание модернизации учебных заведений, внедрению современных технологий и практических навыков, чтобы наши выпускники могли успешно работать на предприятиях региона, - обозначил первоочередные задачи аким области.

Как отметила и. о. руководителя управления образования Нургуль Бертлеуова, у нас функционирует 40 колледжей, обучающих студентов по 94 специальностям и 139 квалификациям. На 2024-2025 учебный год по государственному заказу выделено 7 654 места, при этом значительно возросло количество мест на технические специальности.

- Особое внимание уделяется внедрению дуального образования, которое охватывает более 70 процентов колледжей. Это позволяет учащимся проходить практическое обучение на предприятиях, повышая их шансы найти работу. Охват трудоустройством выпускников таких колледжей составляет 91 процент. В рамках этой инициативы подписано 948 трехсторонних договоров между предприятиями, колледжами и учащимися, - назвала она цифры.

По пяти ключевым отраслям, таким как нефтегазовая, горнодобывающая, транспорт и логистика, возобновляемые источники энергии и водное хозяйство, подготовлен Атлас новых специальностей для Актюбинской области. Разработана Дорожная карта профилирования колледжей, которая включает мероприятия по адаптации образовательных программ в соответствии с потребностями экономики региона. Откорректирован госзаказ с учетом отраслевой специализации колледжей, что позволяет готовить специалистов для востребованных сфер.

Активно налаживаются связи с образовательными учреждениями России и Китая, что позволяет девушкам и юношам, а также преподавателям пройти стажировку за рубежом.

В 2025 году планируется продолжить объединение колледжей, модернизацию их материально-технической базы, внедрять новые образовательные программы.

О трудоустройстве выпускников колледжей рассказала руководитель управления координации занятости и соцпрограмм Лаззат Уразбаева. Она акцентировала внимание на том, что регион нуждается в 7 503 специалистах, из которых 4 812 - рабочих профессий. Прогноз на этот год предполагает потребность в 2 488 специалистах, включая 1 609 рабочих.

Для подготовки востребованных кадров предусмотрены программы краткосрочной профподготовки, охватывающие различные специальности, с продолжительностью обучения до шести месяцев.

Асхат Шахаров акцентировал, что в рамках реализации поручений Президента страны для повышения статуса рабочих профессий будет создана комплексная программа, включающая в себя обучение, повышение квалификации рабочих, а также увеличение доступности профессионального образования. Планируются конкурсы, мероприятия и выставки, направленные на пропаганду рабочих профессий, чтобы показать их значимость и привлекательность для молодежи.

